

## **Кредит төлеудің мерзімін кешіктірісеңіз, не істеу керек?**

### **1. Қайда бару керек:**

- **90 күнге дейін кешіктірісеңіз** - Forte филиалына, қарыздарды жүргізу менеджеріне хабарласыңыз (төменде филиалдар бойынша байланыс деректері берілген).
- **90 күннен артық кешіктірісеңіз** - Банк филиалындағы Проблемалы берешекті өндіріп алу бөліміне хабарласыңыз (төменде филиалдар бойынша байланыс деректері берілген)..

Барлық өтініш заңнаманың және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес Банк кеңсесінде тіркеледі.

### **2. Қайта құрылымдауға өтініш беру:**

Банктің өзіңізге жақын жердегі бөлімшесіне барып өтініш жазыңыз және қаржылық жағдайыңыздың нашарлағанын растайтын құжаттарды қоса тапсырыңыз.

### **3. Қандай құжаттар қажет болады:**

- Жеке куәлік
- Некені тіркеу немесе Неке бұзу туралы куәлік (сот шешімі, бар болса) және /немесе Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама
- Кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (бар болса)
- Соңғы 6 ай бойынша БЖЗҚ-дан үзінді көшірме
- Жұмыс орнынан және еңбекақы туралы анықтама
- Жұмыстан босату туралы анықтама
- Еңбекақының төмендегені туралы анықтама
- Аурухана парағы
- Мүгедектік туралы анықтама
- ҚР бойынша жылжымайтын мүлкінің бар-жоқ екендігі туралы анықтама

- Басқа ЕДБ мен МҚҰ-дағы берешектерді реттегенін/реттеу ниетін растайтын құжаттар (бар болса)
- Қарыз алушының/отбасының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттар (бар болса)
- Мерзімі өткен күнгі жағдай бойынша қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжат
- Еңбекке жарамсыз болған жағдайда - жұмысқа уақытша жарамсыздық туралы парақ/анықтама, медициналық-әлеуметтік сараптаманың нәтижелері.

Материалдық жағдайыңыздың нашарлағанын растайтын кез-келген құжатты ұсыну - маңызды, атап айтқанда:

- жұмыссыз ретінде тіркелу туралы,
- мүгедектігі бойынша зейнетақының тағайындалғаны туралы,
- 3 айдан астам уақыт бойы жұмысқа уақытша жарамсыздығы туралы,
- бала күтімі бойынша демалыста екендігі туралы,
- мүлікті жоғалтуы туралы (мысалы, ұрланғаны, өртенгені және т.б.).

**Маңызды:** Банк қосымша құжаттарды сұрата алады.

#### **4. Өтінімді қарау мерзімі:**

Құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін күнтізбелік 15 күнге дейін.